


БИДАЙДЫҢ МОРФОЛОГИЯСЫ

Дән өнімдерінің морфологиялық ерекшеліктері.

- Бидай тобына негізінен сегіз дән дақылдар кіреді. Осы жетісі Мятликов отбасынан шығатын дәнді-дақылдар болып табылады. Оларға: қарақұмық, бидай, қара бидай, сұлы, арпа, тары, жүгері, күріш, құмай кіреді.
- Ал Мятликов(Pineaceae) отбасына кірмейтін дәнді дақыл бұл – қарақұмық.
- Қарақұмық қарақұмықтың (Poaceae) отбасына жататын болса да , Мятликов отбасында қарастырылады, себебі қарақұмық осы жеті астықтың қасиеттері мен өсіру мақсаттары бойынша жақын.

- *Бидайдың тамыр жүйесі шашақты, ұрықтық және түйін тамырларынан құралған.*



- Сабағы – сабан (буынаралықтары 5-8), буынаралықтарының саны жапырақ санына сәйкес келеді. Сабаны қуысты, алайда қатты бидайда масақ асты паренхима жасушаларымен толтырылған, сондықтан тамырында тұрып қалғанда бүтін масақпен сынып кетуі мүмкін.



- Жапырақтары – сызықты (линиялы), жапырақ тақтасы мен жапырақ қынабынан құралған, қынаптың (қынының) тақтаға ауысар жерінде тілше (түссіз пленка), ал жапырақ қынабының негізінде сабақты орап тұратын сызықты құлақша немесе мүйізшелер болады. Ылғал сүйгіш формаларында, сонымен қатар көптеген қатты бидайларда жапырақтары ірі, құрғақшылыққа төзімділерінде – ұсақ болып келеді. Жаздық бидайда екі түрлі жапырақтар ажыратылады: тамыр түбі жапырақтары және сабақтық жапырақтар. Тамыр түбі жапырақтары жер асты түйіндерінен түзіледі, олардың саны 4-5, ал сабақтық-жер үсті бөлігінде қалыптасады. Тамыр түбі жапырақтары қорлық қоректік заттарды жинақтаушы қызметін атқарады да кейіннен тамыр жүйесінің дамуы мен масақтың түзілуіне шығындалады.



- Гүл шоғыры - масақ, ол масақ білігі мен масақшалардан тұрады. Бидай масағы білігінің бір тұғырында бір масақша орналасқан, бірақ ол көпгүлді (3-5 гүлден тұрады). Агрономның міндеті – мүмкіндігінше масақтағы барлық гүлдер тозаңданып, дән қалыптастыру.



- Жемісі – дән, ол үш бөліктен - қабақ, эндосперм және ұрықтан – құрылған. Дәннің ірілігі негізінен өсіру технологиясына байланысты өзгереді.



Назар аударғандарыңыз үшін рахмет!!!